

«Бекітемін»:

«Мұғалжар аудандық білім  
бөлімі» ММ басшысы

Б.Қ.Аманжол

« 02 »

09 2024 ж



«Келісемін»:

Әдістемелік кабинет

меңгерушісі

М.Ж.Шарипов

« 02 »

09

2024 ж

«Келісемін»:

№ 5 Қандыағаш қалалық  
жалпы білім беретін  
орта мектебінің директоры

С.К.Бердибеков

« 02 »

09

2024 ж



**№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім**  
**беретін орта мектебінің**  
**2024-2025 оқу жылына арналған**  
**ОҚУ ЖОСПАРЫ**

Мұғалжар ауданы  
2024-2025 оқу жылы

**№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінің  
2024-2025 оқу жылында жасалған оқу жоспарына**

**ТҮСІНІК ХАТ**

№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі 2024-2025 оқу жылында 1-11 сыныптар аралығында барлығы 50 класс комплектісі бар.

Соның ішінде 1-4 сыныптар-20 класс комплект, 5-9 сынып аралығында -24 класс комплект, 10-11 сынып аралығында -6 класс комплект бар. Мектеп бойынша барлық оқушы саны-1102.

Мектептің оқу жоспары 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаттың әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа ала отырып және білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделіп құрылды.

2024-2025 оқу жылындағы білім беру процессін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету құжаттары:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20-желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9-қыркүйектегі №394 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14-қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

2.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

3.«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26-қазандағы №323 бұйрығымен өзгеріс енгізілген төмендетілген үлгілік оқу жоспары 5-11 кластар үшін, 2024 жылғы 8-ақпандағы дағы №27 бұйрықпен өзгерістер енгізілген төмендетілген үлгілік оқу жоспары 1-4 кластар үшін басшылыққа алынды.

4.«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен қолданылады.

5.«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

6.«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

7.«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы) басшылыққа алынды.

№5 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебінде 2024-2025 оқу жылында 4 мектепалды даярлық тобы бар. Қазақ тобы -3, орыс тобы -1.

шағын орталық топтары -2. Бір қазақ тобы, бір орыс тобы. Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес бір ересек топ, бір орта топ жұмыс жасайды.

Мектепалды даярлық тобы мен шағын орталық бойынша 2024-2025 оқу жылында педагогтерге бағыт бағдар ретінде, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында 2024 жылғы 17-маусымдағы №5 хаттамасымен тіркелген тәрбиелеу-білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы «әдістемелік нұсқаулық хат» негізге алынады.

Әдістемелік нұсқау хатта тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану (сілтемелер); - тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру; балаларға қазақ тілін үйрету; вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру; экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру; мерекелік шараларды ұйымдастыру; мектепалды даярлықты ұйымдастыру; «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша қысқа мерзімді мектепалды даярлықты ұйымдастыру; ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар қамтылған.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес МДҰ-ның негізгі міндеттері: - мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау; - тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау. «Білім туралы» ҚР Заңы шеңберінде МДҰ басшысы ұйымды тікелей басқаруды жүзеге асырады, оқыту мен тәрбиелеудің, еңбек пен демалыстың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасауға, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қызметкерлердің нормативтік құқықтық актілерге сәйкес лауазымдық міндеттерін орындауын бақылауға жауапты болады. Балалардың құқықтарын бұзу жағдайларының жиілеуіне байланысты балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу және ескерту үшін тәрбие-білім беру үдерісіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету, алдын алу іс шараларын уақтылы жоспарлау және баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды жою жөнінде тиісті шаралар қабылдау ұсынылады. Педагогтер балаларда барлық режимдік сәттерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударуы керек.

Тәрбиелеу мен оқыту процесін жүзеге асыруда тәрбиешілер мен педагогтер ҚР ОАМ №130 бұйрығымен бекітілген 3 құжатты жүргізеді: перспективалық жоспар, циклограмма, баланың жеке даму картасы.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

Бастауыш сыныптарда жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттар мен қоса Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім Академиясының «2024-2025 оқу жылына арналған 2024 жылғы 10-маусымдағы №2 хаттамамен тіркелген Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды.

Оқу жоспары 2024 жылғы 8-ақпандағы №27 бұйрықтың 6-қосымшасымен (төмендетілген оқу жүктемесімен) қазақ тілінде оқытылатын кластарға, 7-қосымшасымен орыс тілінде оқылатын кластарға жасалды. Мұндағы негізгі өзгерістер 3-кластарда еңбекке баулу мен бейнелеу өнері пәндерінің бөлінуі, 3-кластарда қазақ кластарына орыс тілінің оқытылуы және жаратылыстану пәнінің бір сағат болып оқытылуы. Сондай-ақ дене шынықтыру сабағының инвариантты бөлімі 2 сағат болып, 1 сағаты вариативті бөлімге ауысып, спорттық ойындар болып берілуі. Осы өзгеріс негізінде бастауыш білім берудің оқу жоспарына сәйкес 1,2,3,4 сыныптарда таңдауы бойынша вариативтік сағаттар қазақ кластарында 1,3,4 кластарға 1 сағаттан, 2-класқа 2 сағаттан берілген.

1-кластарда оқушылардың жазу дағдыларын қалыптастыру, қол икемділігін арттыру мақсатында «Көркем жазу» курсына берілді. Мақсаты: балаға хат таныту; әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру, жазу мен оқуды үйрету.

2-кластар бойынша қазақ кластарында вариативтік сағаттың бір сағаты қазақ тіліне оқушылардың сөйлеу мәнерін қалыптастырып, әдеби жанрларды қосып оқыту арқылы тіл байлығын арттыру мақсатында

«Жұмбақтар сандығы» курсына берілді.

**Мақсаты :**

Жұмбақты шеше отырып балалардың әдеби сауаттылығын, көркемдік эстетикалық талғамын арттыру.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 20 желтоқсандағы  
№557 бұйрығына 1,2-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Оқу ағарту министрінің  
2023 жылғы 9-қыркүйектегі  
№394 бұйрығымен өзгерістер  
мен толықтырулар енгізілген

Оқыту қазақ және орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың

үлгілік оқу жоспары/шағын орталық /

| № | Ұйымдастырылған іс-<br>әрекет/балалар әрекеті | Апталық сағат саны                           |                                               |
|---|-----------------------------------------------|----------------------------------------------|-----------------------------------------------|
|   |                                               | 2-қосымша                                    | 2-қосымша                                     |
|   |                                               | Шағын орталық<br>Орта топ/қазақ тобы<br>3жас | Шағын орталық<br>Ересек топ/орыс тобы<br>4жас |
| 1 | Дене шынықтыру<br><i>Дене шынықтыру</i>       | аптасына үш рет<br><i>күн сайын</i>          | аптасына үш рет<br><i>күн сайын</i>           |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем<br>әдебиет        | күн сайын                                    | күн сайын                                     |
|   | Қазақ тілі<br><i>Қазақ тілі</i>               | аптасына 1 рет<br><i>күн сайын</i>           | аптасына 1 рет<br><i>күн сайын</i>            |
| 3 | Сауат ашу негіздері                           | -                                            | -                                             |
| 4 | Математика негіздері                          | күн сайын                                    | күн сайын                                     |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу                       | күн сайын                                    | күн сайын                                     |
| 6 | Сурет салу                                    | күн сайын                                    | күн сайын                                     |
|   | Мүсіндеу                                      |                                              |                                               |
|   | Жапсыру                                       |                                              |                                               |
|   | Құрастыру                                     |                                              |                                               |
| 7 | Музыка<br><i>Музыка</i>                       | аптасына екі рет<br><i>күн сайын</i>         | аптасына бір рет<br><i>күн сайын</i>          |
|   | <i>Сенсорика</i>                              | -                                            | -                                             |

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 20 желтоқсандағы  
№557 бұйрығына 3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Оқу ағарту министрінің  
2023 жылғы 9-қыркүйектегі  
№394 бұйрығымен өзгерістер  
мен толықтырулар енгізілген

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары  
(5 жастағы балалар)

| № | Ұйымдастырылған іс-<br>әрекет/балалар әрекеті                                                       | Апталық сағат саны |         |         | Жалпы<br>жүктеме,сағат |        |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|---------|---------|------------------------|--------|
|   |                                                                                                     | МАД «А»            | МАД «Ә» | МАД «Ә» | Апталық                | жылдық |
| 1 | Дене шынықтыру<br>Дене шынықтыру                                                                    | 3                  | 3       | 3       | 6                      | 297    |
| 2 | Сөйлеуді дамыту<br>Тілдік қарым-қатынас                                                             | 2                  | 2       | 2       | 6                      | 198    |
|   | Көркем әдебиет<br>Тілдік қарым-қатынас                                                              | 2                  | 2       | 2       | 6                      | 198    |
|   | Қазақ тілі<br>Қазақ тілі                                                                            | 2                  | 2       | 2       | 6                      | 198    |
| 3 | Сауат ашу негіздері<br>Тілдік қарым-қатынас, танымдық<br>әрекет                                     | 3                  | 3       | 3       | 9                      | 297    |
| 4 | Математика негіздері<br>Танымдық, зерттеу әрекеттері                                                | 3                  | 3       | 3       | 9                      | 297    |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу<br>Тілдік қарым-<br>қатынас, танымдық, зерттеу<br>әрекеттері, еңбекке баулу | 2                  | 2       | 2       | 6                      | 198    |
| 6 | Сурет салу<br>Мүсіндеу<br>Жапсыру<br>Құрастыру<br>Шығармашылық әрекет, бейнелеу                     | 1                  | 1       | 1       | 3                      | 99     |
| 7 | Музыка<br>Музыка                                                                                    | 2                  | 2       | 2       | 6                      | 198    |
|   |                                                                                                     | 20                 | 20      | 20      | 60                     | 1980   |

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2012 жылғы 20 желтоқсандағы  
№557 бұйрығына 4-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Оқу ағарту министрінің  
2023 жылғы 9-қыркүйектегі  
№394 бұйрығымен өзгерістер  
мен толықтырулар енгізілген

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары  
(5 жастағы балалар)

| № | Ұйымдастырылған іс-<br>әрекет/балалар әрекеті                                                       | Апталық сағат саны | Жалпы жүктеме,сағат |        |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|---------------------|--------|
|   |                                                                                                     | МАД «В» орыс тобы  | Апталық             | жылдық |
| 1 | Дене шынықтыру<br>Дене шынықтыру                                                                    | 3                  | 3                   | 99     |
| 2 | Сөйлеуді дамыту<br>Тілдік қарым-қатынас                                                             | 2                  | 2                   | 66     |
|   | Көркем әдебиет<br>Тілдік қарым-қатынас                                                              | 2                  | 2                   | 66     |
|   | Қазақ тілі<br>Қазақ тілі                                                                            | 2                  | 2                   | 66     |
| 3 | Сауат ашу негіздері<br>Тілдік қарым-<br>қатынас, танымдық әрекет                                    | 3                  | 3                   | 99     |
| 4 | Математика негіздері<br>Танымдық, зерттеу әрекеттері                                                | 3                  | 3                   | 99     |
| 5 | Қоршаған ортамен танысу<br>Тілдік қарым-<br>қатынас, танымдық, зерттеу<br>әрекеттері, еңбекке баулу | 2                  | 2                   | 66     |
| 6 | Сурет салу<br>Мүсіндеу<br>Жапсыру<br>Құрастыру-<br>Шығармашылық<br>әрекет, бейнелеу                 | 1                  | 1                   | 33     |
| 7 | Музыка<br>Музыка                                                                                    | 2                  | 2                   | 66     |
|   |                                                                                                     | 20                 | 20                  | 660    |